

## Кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына өтініштерді қараудың және лицензияларды берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 21 шілдедегі N 187-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қарашада тіркелді. Тіркеу N 418. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кеден комитетінің 1999 жылғы 03 қарашадағы N 529-Б бұйрығымен. ~V990969

ҚР Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 556 Р970556\_ "Кеден делдалы туралы ережені бекіту туралы" қаулысын орындау мақсатында бұйырамын:

1. Қоса тіркеліп отырған Кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына өтініштерді қараудың және лицензияларды берудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары осы бұйрықтың мазмұнын шарттық негіздегі барлық декларанттарға және сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға жеткізсін.

3. Заң басқармасы (Әділбеков С.) 1997 жылдың 25 қыркүйегіне дейінгі мерзімде кедендердің ресімдеу жөніндегі мамандарды оқыту үшін мекемелер мен үйымдарды тендерлік негізде тарту мүмкіндігін қарасын.

4. Кедендердің бақылау мен кірістер департаменті (Мұлкин С.) кедендердің

ресімдеу жөніндегі мамандарды оқыту бойынша бағдарламаларды жасасын және 1997 жылдың 1 қазанына қарата бекітуге ұсынсын.

5. Құжаттамалық және қаржы-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі департамент (Әбілғалиев Ж.) бекітілген үлгіге сәйкес лицензиялардың бланкілеріне қажеттілікті қамтамасыз етсін.

6. Баспасөз қызметі (Мұратбаева Ә.) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

Төраға

ҚР МҚК-нің  
21.01.97 N 187-П  
бұйрығымен

бекітілген

Кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру  
құқығына өтініштерді қараудың және лицензияларды  
берудің тәртібі туралы ереже

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына өтініштерді қараудың және лицензияларды берудің, қайтарып алудың, қолданылу мерзімін кейінге қалдыру тәртібін анықтайды.

1.2. Кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі - лицензия) оның иесінің кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын ресми құжат болып табылады.

1.3. Лицензияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті (бұдан әрі - ҚР МҚК) береді.

1.4. Аумақтық қолданылу аясына қарай лицензиялардың екі түрінің болуы мүмкін:

- а) қолданылуы Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағымен шектеліп отырған;
- б) қолданылуы Қазақстан Республикасының күллі аумағына таратылатын.

1.5. Кеден делдалы қызметіндегі шектеулер лицензияда көрсетіледі. Қызметті аталған шектеулерден тысқары жүзеге асыруға жаңа лицензияны алмай жол берілмейді.

1.6. Лицензияның берілгені үшін 5000 ЭҚЮ мөлшерінде алым алынады.

1.7. Лицензияның қолданылу мерзімі 3 жыл.

1.8. Лицензияның бланкісі қатаң есептілік құжаты болып табылады, оның есепке алу сериясы мен нөмірі (2-қосымша) болады. Кеден делдалының лицензияны басқа адамға беруіне жол берілмейді.

1.9. Лицензия лицензиялау туралы зандармен көзделген жағдайларда өзінің қызметін доғарады.

## 2. ЛИЦЕНЗИЯНЫ БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ

2.1. Лицензияны алу үшін занды тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші) ҚР МҚК-на өтінішпен қайырылады (1-қосымша).

## 2.2. Өтініште:

- өтініш берушінің толық және қысқартылған атауын;
- өтініш берушінің салық төлеушісінің тіркеу нөмірін (СТН), ҚҰЖЖ кодын;
- занды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны туралы мәліметтерді;
- мемлекеттік тіркеу туралы күеліктің тіркеу нөмірін;
- өтініш берушінің занды және нақты мекен-жайын;

- лицензияны алу сәтінде кеден делдалы ретінде қызметін жүзеге асыруды өтініш берушінің жоспарлап отырған жерлерінің мекендері көрсетіле отырып, барлық **филиалдардың тізбесін**;

- өтініш берушінің және оның филиалдарының, өкілдіктерінің, банк шоттарының нөмірін, аталған банктердің атауын, мекен-жайы мен КҰЖЖ кодын ;

- Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасына сәйкес өтініш берушінің кеден делдалы ретінде өзінің қызметі аясын шектеуді ойластырып отырған тауарлар топтары мен көлік құралдарының түрлерін;

- өтініш берушінің басшы лауазымды адамдарының тегін, аты-жөнін, туган жылы **мен жерін** ;

- лицензия беру туралы шешім қабылдау үшін маңызы бар бола алатын өзге де **ақпараттарды көрсету керек.**

## 2.3. Өтінішке :

- өтініш берушінің қызметті жүргізу құжаттарының, мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды жолмен куәлендірілген көшірмелері;

- банктердің өтініште көрсетілген есепшоттардың бар екендігін растауы;

- өтініш берушінің штатында кедендік ресімдеу жөнінде мамандардың бар екендігін растайтын мәліметтер мен құжаттар, сондай-ақ осындай мамандардың ҚР МҚК берген біліктілік аттестаттарының нотариалды жолмен куәлендірілген **көширмелері** ;

- өтініш берушінің ұсынылатын адамдармен шарттарды бұзғаны заңдармен белгіленген есеп айырысу көрсеткіштерінің кемінде 10000 есе мөлшеріндегі сомаға жауаптылық тәуекелдігін сақтандыру туралы шарттың көшірмесі;

- осы ережеге сәйкес өтініш берушінің материалдық-техникалық жарақтандыру талаптарын сақтауын растайтын құжаттар;

- өтініш берушінің кеден делдалының кедендік бақылауға және ол туралы есептілікке жататын тауарлар мен көлік құралдарымен операцияларының есебін жүргізуге **талаптарды сақтауын растайтын құжаттар** ;

- лицензиялық алымды төлегені туралы түбіртек;

- өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын өзге де құжаттар қоса т і р к е л е д і .

2.4. Лицензия беру туралы өтінішке және жоғарыда аталған құжаттарға басшы мен бас бухгалтер қол қояды, ол өтініш берушінің мөрімен күәлендіріледі және брошюра түрінде жасалады. Барлық құжаттар екі данада жасалған тізбе бойынша тіркеледі, олардың біреуі өтініш берушіге беріледі.

2.5. Лицензия беру туралы өтініш ол берілгеннен кейінгі 30 күн ішінде қ а р а л а д ы .

2.6. Өтінішті қарау барысында өтініш берушінің ұсынған құжаттары мен мәліметтерінің шынайылығы, олардың Қазақстан Республикасының заңдарына сай келуі т е к с е р і л е д і .

2.7. ҚР МКК мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан өтініш берушінің ұсынған құжаттары мен мәліметтерінің шынайылығын анықтауға қажетті қосымша құжаттары мен мәліметтерге қатысты сұрау салуға құқылы. Бұл ретте қажет кезінде өтінішті қараудың мерзімі өтініш берушінің міндепті жазбаша хабары арқылы ұзартылуы мүмкін.

2.8. Өтінішті беруден бас тартуға:

- өтініш берушінің кеден делдалына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес к е л м е у і ;

- өтініш берушінің ұсынған құжаттарында шынайы емес құжаттардың бар б о л у ы ;

- өтініш берушінің қызметтің осы түрімен айналысуына тыйым салатын соттың шешімінің бар болуы, өтініш берушінің кеден ережелерін бірнеше рет б ұ з у ы ;

- бас тартуға жеткілікті негіздер бар болатын басқа жағдайларда негіз болып т а б ы л а д ы .

2.9. Өтініш беруші лицензияның берілгені үшін алым салмаса, онда лицензия б е р і л м е й д і .

2.10. Лицензияны беруден бас тарту кезінде өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді жауап қ а й т а р ы л а д ы .

Лицензияны беруден бас тарту жағдайында лицензияны беру туралы екінші өтініш берушіден бас тарту негіз болған себептерді жойған соң қабылданады және жалпы негіздермен қаралады.

2.11. Егер кеден делдалы лицензияда көрсетілмеген филиалы арқылы өзінің қызметтің жүзеге асыруды жоспарлап отырған болса, ол ҚР МКК-не оның көшірмесін беру туралы ықтиярлы нысандағы өтінішпен қайырылуға міндепті.

2.12. Аталған өтінішті қараудың мерзімі ол берілген күннен бастап 30 күннен а с п а у ы т и і с .

2.13. ҚР МКК қызметі аймағында филиалы орналасқан кеден органына осы

бөлімшениң кеден делдалының қызметін орындауға дайын екендігі-еместігі тұралы сұрау салады.

2.14. Лицензияның көшірмесін беруден бас тарту кезінде МҚК қызметі аймағында филиалы орналасқан кеден органдының теріс қорытындысы не өтініштің көшірмесін беру туралы оны беру немесе қарау сәтінде лицензияның қолданылу мерзімінің кідіртілуі бас тартудың негізі болған себептер баяндалып, осы жөнінде өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

2.15 Лицензия көшірмесінің оң бетіндегі жоғарғы оң бұрышында кеден делдалының филиалының орналасқан жері көрсетіледі.

2.16. Лицензия көшірмесінің берілгені үшін қосымша ақы алынбайды.

### 3. ЛИЦЕНЗИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН КІДІРТУ МЕН ОНЫ ҚАЙТАРЫП АЛУ

Лицензиялау туралы заңдық актілермен көзделген негіздер бойынша лицензияның қолданылудың кідіртуге және оны қайтарып алуға болады.

### 3 . 1 .      Лицензии:

- егер оны өтініш беруші ұсынған толық емес немесе жалған мәліметтер мен құжаттардың негізінде берсе;
  - кеден делдалы міндеттемелерін орында маса;
  - кеден заңдарымен көзделген құқықтар бұзылса;
  - ұсынылатын адамға, оның ішінде сотпен белгіленген коммерциялық құпияны немесе жасырын ақпараттарды қамтитын мәліметтерді заңсыз пайдалану жолымен заңға қайшы нұқсан келтірілсе;
  - кеден делдалы банкрот болып танылса;
  - біліктілік атtestаты қайтарып алынған маманның немесе біліктілік атtestатының қолданылуы кідіртілген маманның көрсететін қызметі пайдаланылса;
  - Қазақстан Республикасының салық заңдары бұзылса;
  - лицензиялау туралы заңдарымен көзделген өзге де жағдайларда қайтарып алуға болады.

3.2. Лицензияны беру туралы шешім үшін айтарлықтай маңызы бар мәліметтердің жалғандығы жөніндегі фактіні анықтаған кеден органы бұл туралы КР МҚК-не дереу хабарлайды.

### **3.3. Лицензияны қайтарып алу туралы шешім КР МҚК-нің бұйрығы түрінде**

Кайтарып алу лицензия берілген күннен бастап күшінде болады.

3.4. Қайтарып алынған лицензия лицензияны қайтарып алу туралы шешім алынған күннен бастап 15 күннен кешіктірілмей қайтаруға жатады.

3.5. Лицензияны қайтарып алу кезінде кеден делдалы шешім алынған күннен бастап 15 күн ішінде қызметі аймағында кеден делдалы өзінің қызметін жүзеге асырған кеден органына лицензияның қолданылуының барлық мерзімінде кедендік бақылауға жататын тауарлар және көлік құралдарымен операциялар туралы күллі есептілікті ұсынуға міндettі.

3.6. Лицензияны қайтарып алу кезінде тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу бойынша ұсынылатын адамдармен кеден делдалының жасаған барлық шарттары кедендік бақылау мақсатында:

- жасалған шарттар бойынша кеден делдалы өзінің міндеттемелерін толық орындаса;

- тауарлар мен көлік құралдарының орналастырылатын кеден режимдерінің күші аяқталып отырылса, не кеден делдалының кеден режимдерінің күшінің аяқталуына байланысты ешқандай міндеттемелері жоқ болса;

- есеп-қисап құжаттары тексерілген кезде Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес осы мәмілелердің жасалған сәтінде жауаптылыққа әкеп соқтыратын қандай да бір бұзушылық анықталмаса жарамды деп танылады.

Қызметі аймағында кеден делдалы өзінің қызметін жүзеге асырған кеден органдары аталған мәмілелер бойынша тауарлар мен көлік құралдары шығарылған соң кедендік бақылауды іріктеі отырып жүзеге асырады.

3.7. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу бойынша ұсынылатын адамдармен кеден делдалының жасаған мәмілелері кедендік бақылау мақсатында шамалы деп танылады, ал осындай мәмілелер бойынша ресімделген тауарлар мен көлік құралдары жасалған мәмілелер бойынша кеден делдалы өзінің міндеттемелерін орындаған болса, бірақ тауарлар мен көлік құралдарының орналастырылатын кеден режимдерінің күші осы мәмілелердің нәтижесінде аяқталмаса, екінші кедендік ресімдеуге жатады.

3.8. Лицензияны қайтарып алу кезінде кеден органдары тауарлар мен көлік құралдары екінші кедендік ресімдеуге жататын адамдарға оларға хабарлаған сәттен бастап 30 күн ішінде аталған тауарлар мен көлік құралдарын қайтадан кедендік ресімдеудің қажеттілігі туралы жазбаша хабарлауға міндettі.

3.9. Лицензияны қайтарып алу туралы шешім қабылданған және "Кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлықпен көзделген, осы тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтер келтірілген кедендік декларацияларды алғып қоюға құқық доғарылған соң кедендік ресімдеу барысындағы тауарлар мен көлік құралдары екінші кедендік ресімдеуге жатады.

3.10. Лицензияны қайтарып алуға байланысты кеден делдалына және ұсынылатын адамға келтірілген нұқсанды кеден органдары өтемейді.

3.11. Лицензияны екінші рет беру туралы өтінішті оны қайтарып алуға негіз болған себептер жойылатын жағдайда қайтарып алу туралы шешім шығарылған

күннен бастап екі жыл өткенде қарауға болады.

3.12. Кеден делдалы мен ұсынылатын адам арасындағы қатынастар лицензия қайтарып алынатын болса, азаматтық заңдармен реттеледі.

3.13. Лицензияны қайтарып алу туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағымдануға болады.

3.14. Кеден делдалы өзінің құқықтарын теріс пайдаланды деуге жеткілікті негіздер бар болса, лицензияның қолданылу мерзімін 3 жылға кідіртуге болады.

Лицензияның қолданылу мерзімін кідірту тиісті шешім қабылданған күннен бастап қолданылады.

3.15. Кеден делдалының өзінің құқықтарын теріс пайдаланғаны жөніндегі фактілерді анықтаған кеден органы бұл туралы ҚР МКК-не және қызметі аймағында кеден делдалы істейтін кеден органдарына дереу хабарлайды.

3.16. Лицензияның қолданылу мерзімі:

а) теріс пайдаланғаны жөніндегі фактіні анықтаған кеден органының ұсынысы бойынша қабылданған кеден басқармасы бастығының шешімінің негізінде - лицензиясының қолданылу күші республиканың тек белгілі бір аумағындаған таратылатын кеден делдалдары үшін;

б) кеден органының ұсынысы бойынша қабылданған ҚР МКК-нің шешімінің негізінде - лицензиясының қолданылу күші республиканың күллі аумағына таратылатын кеден делдалдары үшін кідіртуге болады.

3.17. Лицензияның қолданылу күшін кідірту туралы шешім тиісті кеден органының жазбаша түрінде ресімделеді. Жазбаша түріндегі шешім ҚР МКК мен кеден делдалына хабарланады.

Лицензияның қолданылу күшін кідіртуге себептер жойылған соң лицензияның күші қалпына келтіріледі.

#### 4. ЛИЦЕНЗИЯНЫ ҚАЙТА РЕСІМДЕУДІҢ ТӘРТІБІ

4.1. Лицензияны алуға өтініште көрсетілген, лицензияға жазылмайтын кеден делдалы туралы мәліметтер өзгертилген кезде өзгертилген сәттен бастап бұл жөнінде МКК-не жазбаша хабарлауға міндettі.

4.2. Кеден делдалы туралы өзгертилуі мүмкін мәліметтердің делдалдық қызметті жүзеге асыруды додаруға әкеп соғады деуге негіз бар болса, кеден делдалы бұл жөнінде МКК-не дер кезінде хабарлауға тиіс.

4.3. Лицензияға жазылуы тиісті кеден делдалы туралы мәліметтер өзгертилген (кеден делдалы мәртебесінің немесе Сыртқы экономикалық қызметінің тауарлар номенклатурасына сәйкес тауарлар топтары немесе көлік құралдарының түрлері бойынша лицензияның қолданылу күшіне шектеудің өзгертилгенін қоспағанда) жағдайда, сондай-ақ лицензияны немесе оның куәлендірілген көшірмесін

жоғалтқан жағдайда кеден деддалы өзгертілген немесе жоғалған сәттен бастап 15 күн ішінде лицензияның көшірмесін беру туралы жазбаша өтініш беруге міндетті

4.4. Заңның өзгеруіне байланысты, лицензияға жазылуы тиісті, бірақ деддалдық қызметті жүзеге асыруға кедергі жасамайтын кеден деддалы туралы мәліметтер өзгертілген кезде лицензия лицензиялық алымды төлеусіз-ак беріледі. Бұрын берілген лицензия кеден органдарына міндетті түрде қайтаруға жатады.

4.5. Егер кеден деддалы өз қызметінің аясын Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасына сәйкес тауарлардың кейбір топтарымен және көлік құралдарының түрлерімен шектегісі, сондай-ак, өз қызметінің аймағын өзерткісі келсе, онда ол осы ережеге сәйкес лицензияны беруге жазбаша өтініш жасауды көрек.

4.6. Бұрын берілген лицензияның қолданылу күші лицензия берілген сәттен бастап доғарылады.

Бұрын берілген лицензия үшін алым қайтаруға немесе есепке алуға жатпайды.

4.7. Лицензияны жаңа мерзімге беру осы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Лицензияны жаңа мерзімге беру үшін кеден деддалы бұрын берілген лицензияның қолданылу мерзімі аяқталатын күнге дейін 1 айдан кешіктірілмей кеден деддалы туралы талап етіліп отырған мәліметтер атала отырып, өтініш береді.

## 1-қосымша

ҚР Мемлекеттік кеден комитеті

(занды тұлғаның атауы)

## ӨТІНІШ

Кеден деддалы ретінде қызметті \_\_\_\_\_  
(болжалды аумақтық қызмет аясы)

аумағында жүзеге асыруға лицензия беруді сұраймын.

Ұйым туралы тәмендегілерді хабарлаймын:

1. \_\_\_\_\_  
(ұйымның толық және қысқа атауы, занды және нақты

мекен-жайлары, мемлекеттік тіркеу күәлігінің тіркеу нөмірі)

2. \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің мекемесі туралы мәліметтер)
3. \_\_\_\_\_  
(басшы лауазымды адамдардың ТЕ, туылған жылы мен жері)
4. \_\_\_\_\_  
(осы шоттар ашылған банктердің шоттарының нөмірлері,  
заңды мекен-жайлары мен ҚҰЖЖ кодтары)
5. \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің жарғылық қызметінің түрлері)
6. \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің кеден делдалы ретінде қызметін шектеуді  
ойластырған СЭҚ ТН бойынша тауарларының топтары мен көлік  
құралдарының түрлері)
7. \_\_\_\_\_  
(кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың ТЕ, біліктілік  
аттестаттарын нөмірлері)
8. \_\_\_\_\_  
(қажетті жайлардың болуы)
9. \_\_\_\_\_  
(оқшауланған құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері)
10. \_\_\_\_\_  
(лицензияны беру туралы шешім қабылдау үшін пайдалануға  
болатын өзге де ақпараттар)

Өтінішке төмендегідей құжаттарды қоса тіркеп отырмыз:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Басшы                  (қолы)                  ТЕ

Бас бухгалтер        (қолы)                  ТЕ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК